

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ**



**«Бекітемін»
Балабақша басшысы
Абильдинова А.К.**

«Ана – өмірдің тірегі»

Кіші «Балапан» тобы

Өткізген: Омиртай М

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ана – өмірдің тірегі»

Мақсаты: Балаларға 8-ші наурыз халықаралық «Аналар күні» мерекесі туралы алғашқы түсінік беру. Ән айтуда және би орындауда қозғалыс дағдыларын дамыту, музыка ырғағына сай қимыл-қозғалыстар жасауға үйрету. Мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып, Аналарын әрқашан құрметтеуге, сыйлай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Мерекеге сай зал ішін безендіру, ойынға қажетті көрнекі құралдар.

Қатысушы кейіпкерлер: Ару Көктем, Күлдіргіш клоун, Аю.

Барысы:

Балалар әдемі сазды, орташа екпіндегі әуенмен зал ішіне шеңбер айнала кіреді де, орындарына жайғасады.

Жүргізуші:

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Бұл кім?

Балалар: - Ана. Ана. Ана.

Жүргізуші:

- Дұрыс айтасындар, балалар. Бұл – Ана!

- Армысыздар, құрметті аналар, асыл әжелер, кішкентай сұлу бүлдіршін қыздар және аяулы тәрбиешілер! Бүгін біз көктемнің ең шуақты мерекесі – 8 наурыз мерекесіне арналған «Ана – өмірдің тірегі» атты ертеңгілігімізді бастаймыз. Ана – біздің өміріміздің шамшырағы, жүрегіміздің жылуы.

- Балалар көктем мезгілі туралы «Құстар ән салады» әнін орындайды. Қабыл алыңыздар!

Хор: «Құстар ән салады» әні

Балалар орындарына жайғасады. Құстардың әуелеген дыбысы шығады.

- Балалар бұл ненің дыбысы?

- Дұрыс айтасындар. Құстардың дыбысы. Олай болса бізге мерекеге құстар үнін сайратып, Ару Көктем келе жатыр.

Ортаға әдемі сазды әуенмен Ару Көктем келеді.

Ару Көктем:

Мен көңілді көктеммін,

Былыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал еккенмін.

Гүл боп қырда егілем,

Дән боп жерге себілем.

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгілем.

Шуағын төгіп әлемге,

Жылуын күннің әкелем.

Жүргізуші:

- Хош келдің, Ару Көктем! Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер. Ару Көктем, балалар бүгінгі мерекеге тақпақтар жаттап келді.

Нұрай:

Мен гүлді жұлмаймын,
Торғайды қумаймын.
Айтқан сөзін тыңдаймын,
Анамшымды сыйлаймын.

Сардар:

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден,
Анама сыйлаймыз

Дария:

Жылы сөзбен емдейді,
Көңілі өзі көктейді.
Менің Анам ең жақсы,
Саған ешкім жетпейді!

Ерназар:

Нұрын төккен маған,
Шуағымсың сен.
Айналайын Анам,
Қуанышыңмен!

Жүргізуші: - Жарайсындар, балалар, орындарыңа отырындар. Музыка ойнап ортаға «Күлдіргіш Клоун» келеді. Балалармен амандасып, бірекі фокус көрсетеді.

Күлдіргіш Клоун: - Сәлем балақайлар, мұнда мереке болып жатыр ма?

Жүргізуші: - Иә, бүгін 8-наурыз «Аналар күні». Сен анаңды құттықтадың ба? Тақпақ жаттадың ба?

Күлдіргіш Клоун: - Солай ма, мен де Анамды құттықтағым келеді. Ал мен анама сиқыр көрсетемін. Сендерге де қазір сиқыр көрсетемін.

(Бір-екі фокус көрсетеді)

- Міне балалар, менің осындай өнерім бар. Сендердің ше қандай өнерлерің бар? Би билей аласындар ма?

Жүргізуші: Әрине, кішкентай сұлу қыздарымыздың «Гүлдер» биін тамашалайық.

Би: «Әсем гүлдер»

Күлдіргіш Клоун: - Жарайсындар, неткен ғажап би. Қошемет!

Жүргізуші: - Ал енді ойын ойналық.

Ойын: «Көбелекті гүлге қондыр» (Екі баладан қатысады)

Музыка ойнап ортаға Аю келеді.

Аю: - Мен Аюмын. Мені ұйқыманан кім оятты? Мен сондай ашулымын. Қазір сендерді жеп қоям. Мұнда не болып жатыр?

Жүргізуші: - Аю, аю, тұршы, Бетіңді жушы, Жан-жағыңа қарашы, ашуыңды басшы, Көктем мезгілі келіп қалды. Қар ериді, күн жылынады. Бүгін «8-ші наурыз – барлық Аналар меркесі» болып жатыр.

Аю: - Жо-жок, сендер мені ояттыңдар, маған би билеп беріңдер, мүмкін сонда ашуымды басамын.

Жүргізуші: - Олай болса, ұлдармен би билеп көңіл көтер!

Би: «Джентельмены»

Аю: - Рахмет, сендермен би билеп, көңілім көтеріліп қалды.

Күлдіргіш: - Аю, сен Анаңды жақсы көресің бе?

Аю: - Ия әрине. Қатты жақсы көремін.

Күлдіргіш: - Олай болса, Анаңа арнап тақпақ айтып берші.

Аю:

Ана, Ана, жан Ана!

Мейірімді сен ғана.

Құшағыңда ойнаймын,

Бақыттымын мен ғана!

Жүргізуші: - Жарайсың Аю, балалар да тақпақ Аналарына арнап тақпақ жаттап келді. Тыңдалық.

Марк:

Ана, Ана, Ана,

Жан Ана.

Бақытымсын

Сен ғана!

Айша:

Анам – менің тілегім,

Анам – менің жүрегім!

Тамерлан:

Менің Анам Әлемде,

Ең жақсысы бәрінен!

Жансұлтан:

Ана, ана, ана!

Мейірімі шексіз дана!

Жүргізуші: Аю, Күлдіргіш, біздің балалар Аналарына арнап ән айтады. Тыңдап, бірге айтыңдар.

Хор: «Айналайын ана»

Ертеңгілік соңында балалар жүрек шарларын қолдарына ұстап, ортада «Менің Анам Ең жақсы» әніне барлығы бірдей би билейді.

Сыйлықтарын аналарына сыйлайды. Естелікке фотосуретке түседі.